

Одағай сөздер

Сөйлеушінің сөйлемде айтылған ойға қатысты әр алуан көңіл-күйін білдіретін сөздерді **одағай сөздер** дейді.

Одағайға тән **негізгі белгілер**:

1. Лексикалық мағынасы болмайды;
2. Сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді;
3. Сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмайды.

Одағайдың **үш** түрі бар:

- 1) **көңіл күй** одағайлары;
- 2) **жекiру** одағайлары;
- 3) **шақыру** одағайлары.

1. Көңіл күй одағайлары **шаттану, таңырқау, ренжу, өкіну, қуану** мәнінде қолданылады: **пәлі, алақай, пай-пай, уһ, әттеген-ай, қап.**

2. Жекіру одағайлары **тыйым салу, жекіру** мәнінде айтылады: **тәйт, тек, жә.**

3. Шақыру одағайлары **хайуанаттарды, жан-жануарларды қуу, шақыру** мәнінде жұмсалады. Жылқыға қатысты **құрау-құрау, моһ-моһ**; сиырға қатысты **ауһау-ауһау, әукім-әукім**; қойға қатысты **пұшайт-пұшайт**; түйеге қатысты **көс-көс**; ешкіге қатысты **шөре-шөре**; итке қатысты **кә-кә, айтақ-айтақ**; мысыққа қатысты **пырс**, т.б.

одағайлар қолданылады.

Қазақ әліпбиі (алфавит)

Әліпби – жазуда қолданылатын **әріптердің рет тәртібі** дегенді білдіретін **араб сөзі**.

Әріп – дыбыстардың жазудағы **таңбасы**. Қазақ халқының жазу-сызуы **араб әліпбиі** арқылы қалыптасқан. Араб әліпбиінің негізінде 24 әріптен тұратын қазақ әліпбиінің емлесін түзіп, заңдастырылған нормасын жасаған – **А.Байтұрсынов**.

Қазақ әліпбиі **үш** рет өзгерді:

1) **араб әліпбиі**,

2) **латын әліпбиі**, (Қазақ жазуы араб әліпбиінен **29 әріптен** тұратын **латын** әліпбиіне 1929 жылы көшті. Латын әліпбиіне көшкеннен бастап **бас әріппен** жазу пайда болды.)

3) **орыс әліпбиі** (1940 жылы қараша айынан бастап **орыс әліпбиіне** негізделген **қазақ әліпбиі** қолданыла бастады.)

Қазақ әліпбиінде **40 әріп** және **2 таңба** бар.
Әліпбиде әріптің аты аталып, орын реті

Әліпби					
Аа	Ққ	Фф	Аа	Ққ	Фф
Әә	Лл	Хх	Әә	Лл	Хх
Бб	Мм	Цц	Бб	Мм	Цц
Вв	Нн	Чч	Вв	Нн	Чч
Гг	Ңң	Шш	Гг	Ңң	Шш
Ғғ	Оо	Щщ	Ғғ	Оо	Щщ
Дд	Өө	Һһ	Дд	Өө	Һһ
Ее	Пп	Ъъ	Ее	Пп	Ъъ
Ёё	Рр	Ыы	Ёё	Рр	Ыы
Жж	Сс	Іі	Жж	Сс	Іі
Зз	Тт	Ьь	Зз	Тт	Ьь
Ии	Уу	Ээ	Ии	Уу	Ээ
Йй	Ұұ	Юю	Йй	Ұұ	Юю
Кк	Үү	Яя	Кк	Үү	Яя

Тіл және сөйлеу

Сөйлеу тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің көмегімен адамдар қоршаған орта туралы көптеген жаңа және қызықты нәрселерді біледі. Олар оқиды, ойланады, өз ойларын ортаға салады, білгенін айтады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.


Ауызекі тіл және жазбаша тіл

Ауызекі тіл - бірін-бірі көріп және естіп тұрған адамдардың өзара қарым-қатынасы, әңгімелесуі.

Жазбаша тіл - адамдардың хабарды жазып беруі.

Дыбыстарды айтамыз және естиміз.
Әріптерді көреміз және жазамыз.

Дыбыс және әріп




Шылау

Өз алдына толық мағынасы жоқ сөздерді **шылау** дейді. Шылаулар: мен, бен, пен, және, да, де, та, те, ма, ме, ба, бе, па, пе, дейін, шейін, қана, ғана, қой, ғой, үшін, туралы, ақ.

Шылау - толық лексикалық мағынасы жоқ, сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, сөзге қосымша мән үстейтін көмекші сөздер. Мысалы: *үшін, жуық, бірақ, мен, да, әрі, сайын, таман, шақты бірге, туралы, секілді, т.б.*

Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтары:

1. Шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды;
2. Шылау сөйлем мүшесі бола алмайды;
3. Шылау сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады;
4. Шылау толық мағыналы сөздің жетегінде қолданылып, оған қосымша мән үстейді;
5. Шылаулар түрленбейді, яғни көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді, жіктелмейді.



1. Туынды үстеу жасайтын жұрнақтар:
-ша, -ше, -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей,
-дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -шама, -шалық, -майынша, -
мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше :

Үстеу мағынасына қарай бөлінеді:

1. Мезгіл үстеуі қашан? қашаннан? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін, уақытын білдіреді. Мысалы: *таңертеңнен* (қашаннан?) кетті, *жазғытұрым* (қашан?) келеді, *ала жаздай* (қашан?) еңбектенді,

2. Мекен үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің орындалатын орнын, мекенін көрсетіп, қайда? қайдан? қалай қарай?

сұрақтарына жауап береді. Мысалы: *Тауға қарай* (қалай қарай?) өрмелеу.

3. Сын-қимыл (бейне) үстеуі іс-әрекеттің, қимылдың амалын, тәсілін, сын-бейнесін білдіреді. Сұрақтары: қайтіп? қалайша? қалай? кімше?

Шылау

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

Шылаулар -*ма, ме, ба, бе, па, пе* (*мы, мі, бы, бі, пы, пі*). Мысалы, *барасың ба?* - *барамысың? келесің бе?* - *келемісің? көріп пе ең?* - *көріппісің?*

-*ақ, -ау, -ай, әсіресе, -да, -де, -та, -те. -ғана* (қана) тек.

-*мыс, -міс. түгіл, тұрсын, тұрмақ. қой* (ғой), -*ды, -ді, -ты, -ті. Және, мен, бен, пен* шылаулары сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруда қолданылады да, ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы, *Абай мен Мұхтар және Шәкәрім - қазақ әдебиетіндегі біртуар тұлғалар.*

Сөз дыбыстардан құралады.

Дыбыстар әріппен таңбаланып жазылады.

Тіл дыбыстары екіге бөлінеді:

1) дауысты дыбыстар


2) дауыссыз дыбыстар

Дауысты дыбыстар саны - 12

Олар: а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү, и, э, (у)

Дауысты дыбыстар өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамауы арқылы жасалады.

Дауысты дыбыс



Дауысты дыбыстар **екіге** бөлінеді:

1) **жуан** дауысты дыбыстар: **a, o, ы, ұ**.

Сөздегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз **жуан**

Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда **тіл кейін шегінің, тіл үсті дөңестенеді**. Мысалы: *қозы, лақ, бұзау*.

2) **жіңішке** дауысты дыбыстар: **ә, ө, і, е, и, э, ү**

Сөздегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, сөз **жіңішке**

Жіңішке дауысты дыбыстар **тілдің ілгері созылуы** арқылы жасалады. Мысалы: *дәптер, терезе, киік, өзен, күрек*.

Қазақ тілінде сөздер тек **жуан** дауысты дыбыстардан не **жіңішке** дыбыстардан

Мысалы, тек **жуан дауысты** дыбыстардан құралған сөздер: *арыстан, аққу, рақат, қараторғай, т.б.*

Тек **жіңішке дауысты** дыбыстардан құралған сөздер: *өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш, т.б.*

Басқа тілден енген сөздер, қос сөздер мен біріккен сөздер жуан дауысты мен жіңішке дауыстының араласып келуінен жасалады. Ондай сөздер **аралас**

дыбысты сөздер деп аталады. Мысалы: *емтихан, синтаксис, жөн - жосық, оқта-текте, азық-түлік, Темірқазық, Екібастұз, көзқарас, т.б.*

Кейбір сөздерде сөздің соңында **ә** дыбысы айтылғанымен **а** дыбысы жазылады

АЙТЫЛУЫ	ЖАЗЫЛУЫ
Рәзинә	Рэзина
Жәмилә	Жэмила
Рәсуә	Рэсуа
Жәйләу	Жайлау
Шәй	Шай
Кітәп	Кітап

Сонымен қатар қазақ тілінде **қосарлы дауысты дыбыстар** да кездеседі. Олар: **ю, я, ё**.

Я,ю әріптері **й+а, й+о** дыбыстарының қосындысы болып келеді де **қосарлы дыбыстар** деп аталады.

Ю, я, ё, э әріптері көбіне орыс тілінен енген сөздерде кездеседі.

Мысалы: *сюжет, ядро, электр, хореография*

Үстеу


Іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, сын - қимылын білдіретін сөз табын **үстеу** дейді.
Сұрақтары: қашан? қайда? қалай?

Кемел кітапты **тез** оқиды. Алмас **қазір** келді. **Түнде** қар жауды.

Қашан? сұрағына жауап беретін үстеулерді **мезгіл үстеулері** деп атайды: **күндіз** оқиды, **жаздай** демалады.

Қайда? сұрағына жауап беретін үстеулерді **мекен үстеулері** деп атайды: **жоғары** көтерілді, **ілгері** жүрді.

Қалай? сұрағына жауап беретін үстеулерді **сын-қимыл үстеулері** деп атайды: **тез** оқиды, **ақырын** сөйлейді.




Негізгі үстеулер түбір мен қосымшаға бөлшектенбейді. Мысалы: ерте, тез, жоғары, қазір, жылдам, шапшаң.

Туынды үстеулер екі түрлі жолмен жасалады:

- 1) жұрнақ арқылы,
- 2) кейбір септік жалғауларының түбірмен сіңісіп, көнеленуі арқылы.

БАСҚА СӨЗ ТАПТАРЫ	ТУЫНДЫ ЕТІСТІК
-------------------	----------------

Бұрқ	Бұрқыра
Күрк	Күркіре
Жымың	Жымыңда
Күлім	Күлімде
Тасыр	Тасырлат
Ілгері	Ілгеріле
Жоғары	Жоғарыла
Ақырын	Ақырындат
Аз	Азсын
Көп	Көпсін
Ауһай	Ауһаула
Құрай	Құраула
Уһ	Уһле



Етістік іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауына қарай **екіге** бөлінеді:

1) **болымды етістік**; 2) **болымсыз етістік**.

Болымды етістік іс-әрекеттің орындалғанын, жүзеге асқанын білдіреді: *оқы, жазды, айтқызды, орындады, сана.*

Болымсыз етістік іс-әрекеттің орындалмағанын, іске аспауын көрсетеді.

Я әрпінің жазылуы

Я-қосарлы дауысты дыбыс. Сөзде **я** дыбыстары естілгенімен, олардың орнына **я** әрпі жазылады.

Мысалы: қоян-қойан, аялдама, Аяулым

Сөздегі **и** әрпінен кейін **а** естілгенімен, **я** жазылады.

Мысалы: Жәния, мия.

Ю әрпінің жазылуы

Ю-қосарлы дауысты дыбыс. Сөзде **йу** дыбыстары естілгенімен, олардың орнына **ю** әрпі жазылады.

Мысалы: ою, қартаю, еңкею, шалқаю.

Сөздегі **и** әрпінен кейін **у** естілгенімен, **ю** жазылады.

Мысалы: аю-айу, қою-қойу, кию, қию.

И, й әрпінің жазылуы

И-дауысты, **й**-дауыссыз дыбыс.

И әрпі сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін жазылады. *Мысалы: икемді, киік, қиын.*

Дауысты дыбыстан кейін **й** әрпі жазылады.

Мысалы: үй, айна, қаймақ.

И дыбысының алдында **ы, і** естілгенімен олар жазылмайды: **биыл** (быйыл емес), **киік** (кйік емес).

И қазақтың төл сөздерінде қосарлы **ый** және **ій**

дыбыстарының қосындысы болып айтылады. бірақ жазылғанда жалаң **и** түрінде жазылады.

АЙТЫЛУЫ	ЖАЗЫЛУЫ
Жыйын	Жиын
Қыйын	Қиын
Тыйын	Тиын
Ыйық	Иық
Кійім	Киім

Ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге тұйық етістіктің **у** жұрнағы жалғанғанда **ы, і** әріптері түсіп қалады.

Мысалы: оқы+у=оқу, қобалжы+у=қобалжу, бекі+у=беку, жекі+у=жеку, ірі+у=іру, тоқы+у=тоқу, т.б.

Й, ы, і әріптеріне біткен сөздерге тұйық етістіктің **у** жұрнағы жалғанғанда **ю** әрпі жазылады..

Мысалы: той+у=тою,, жай+у=жаю, байы+у=баю, кейі+у=кею, т.б.

У дыбысының дауысты, дауыссыз болып айтылуы

Дауысты дыбыстан
кейін және сөздің
басында дауыссыз
дыбыстан бұрын
келген
у дыбысы дауысты
болады:

жисан, оқсын, ұмжулан

Сөздің басында
дауысты дыбыстан
бұрын және
дауыстыдан соң
келген
у дыбысы дауыссыз
болады:

ұмыстан, қамқын, әулие


У дыбысының жуан және жіңішке айтылуы

Сөздің жуан, жіңішкелігіне қарай сөз құрамындағы у дыбысы да жуан не жіңішке

У әрпінің жазылуы

Сөздің жуан, жіңішке болуына байланысты у дыбысы -ұу, не үу болып айтылады.

Мысалы, су (сұу), қуат (құуат), бару (барұу), білу (білүү) көңілдені (көңілденүү).



Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

- 1) негізгі түбір етістік
- 2) туынды түбір етістік.


Негізгі түбір етістік етістіктің өзінен жасалады.

Мысалы, отыр, тұр, жүр, жатыр, оқы, кел, барды, жүгірді, жасаған, көрген.

Туынды етістік басқа сөз таптарына сөз тудырушы жұрнақ жалғау арқылы жасалады.

Туынды етістіктің жасалу жолдары

ЕСІМ СӨЗДЕР	ТУЫНДЫ ЕТІСТІК
Балта	Балтала
Би	Биле
Бас	Баста
Үтік	Үтікте
Дамыл	Дамылда
Сән	Сәнде
Рух	Рухтан
Әдет	Әдеттен
Көмек	Көмектес
Сыр	Сырлас
Пікір	Пікірлес



Етістік құрамына қарай екіге бөлінеді:

- 1) дара етістік,
- 2) күрделі етістік.


Дара етістік бір ғана сөзден тұрады.

Мысалы: *Жапырақтардың сыбдыры естіледі.*
Сөйлемдегі **естіледі** етістігі бір сөзден тұрған **дара** етістік.

Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден құралады, бір мағынаға ие болады, бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

Мысалы: *Бала күліп жіберді. Бала күліп жібере жаздады. Бала күліп жіберуге шақ қалды.*

Күрделі етістік құрамындағы бірінші сөз **негізгі етістік** болады да, негізгі мағынаны білдіреді. Кейінгі сөздер **көмекші етістік** болады.



Дауыссыз дыбыстардың түрлері

Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырауы арқылы жасалған дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады. Дауыссыз дыбыстар үшке бөлінеді. Олар:

- 1) Қатаң дауыссыздар: **к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ч, ш, щ, ц.**
- 2) Ұяң дауыссыздар: **б, в, г, ғ, д, ж, з.**
- 3) Үнді дауыссыздар: **д, м, н, ң, р, й, з (у).**

Қатаң дауыссыз дыбыстар мен ұяң дауыссыз дыбыстар жұп құрайды.

Олар: **п-б, ф-в, к-г, т-д, с-з, ш-ж.** Бұл дыбыстар **жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстар** деп аталады.

Х, һ, ч, щ, ц дауыссыз дыбыстары жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар болып табылады.

Ң әрпі ешқашан сөздің басында жазылмайды.

Б,ғ,д әріптері қазақтың төл сөздерінің соңында жазылмайды. **В, ц, ч дыбыстары орыс тілінен енген сөздерде** жазылады. *Мысалы, вагон, циркуль, Чапаев, т.б.*

Дауыссыз б мен п

Сөз соңында **б** естілгенімен, **п** жазылады.

Мысалы: қолғап, талап, жауап.

П дыбысы аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **п** дыбысы **б**-ға айналады.

Мысалы, мектеп-мектебі, қап-қабы, тап-табу.

Дауыссыз қ мен ғ

Қазақ тілінде **ғ** әрпі сөз соңында жазылмайды.

Қ-ға аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе,

қ дыбысы ғ-ға айналады.

Мысалы, орақ-орағы, шақ-шағы, құлақ-құлағы.

Дауыссыз к мен г

Г әрпі сөз соңында жазылмайды. Сөз соңында к дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, к дыбысы г -ге айналады. Мысалы, түлік-түлігі, ирек-ирегі.

Дауыссыз л мен р

Қазақтың төл сөздерінде л, р дыбыстарының алдында ы, і дыбыстары айтылады, бірақ жазылмайды.

АЙТЫЛУУЫ	ЖАЗЫЛУУЫ
Ыриза	Риза
Ырақат	Рахат
Ырас	Рас
Ірең	Рең
Ірет	Рет
Іреніш	Реніш
Ылайық	Лайық
Ылақ	Лақ
Ылажсыз	Лажсыз
Ылаңкес	Лаңкес
Ілебіз	Лебіз

Есімдіктер құрамына қарай екі түрге бөлінеді:

1. **Дара есімдік** бір сөзден тұрады.

Мысалы, мен, олар, сендерсіңдер, дәнеңе, анау, бәрі, күллі, қашан, сол, өз, кей, т. б.


2. **Күрделі есімдік** екі түбірден жасалады: қосарлану арқылы.

Мысалы, әрне, әрқалай, әлдебіреу, әлдеқайдан, ешкім, т. б.

Етістік

Етістік заттын қимылын, іс-әрекетін білдіреді.
Сұрақтары: қайтті? Не істеді? Не қылды?

Мысалы, Ертең ат **шабады** (қайтеді?), балуан **күресді** (не істейді?).



Есімдіктің тәуелденуі

	ол	бұл	мынау	кім	өз
Менің	оным	бұным	мынауым	кімім	өзім
Сенің	оның	бұның	мынауың	кімің	өзің
Сіздің	оныңыз	бұныңыз	мынауыңыз	кімініз	өзініз
Оның	онысы	бұнысы	мынауы	кімі	өзі
Біздің	онымыз	бұнымыз	мынауымыз	кіміміз	өзіміз
Сендердің	оларың	бұларың	мынауларың	кімдерің	өздерің
Сіздердің	оларыңыз	бұларыңыз	мынауларыңыз	кімдеріңіз	өздеріңіз
Олардың	олары (онысы)	бұнысы	мынауы	кімдері	өздері

Жіктеу, сілтеу есімдіктері септелгенде, мынадай ерекшеліктерді байқалады:

1) ілік, табыс, шығыс септіктері түбірдегі **л, н** дыбыстары түсіп қалады;

2) жатыс септікте түбірдегі **л** дыбысы **н**-ға айналады;

3) көмектес септікте түбір мен қосымшаның арасында **-ы, -і** дәнекері пайда болады;

4) барыс септік жуандалып, **л, н** түсіп калған түбірге жалғау **-ған** түрінде жалғанады.

A.c	мен	Сен	ол	бұл	сол
I.c	ме-нің	се-нің	о-ның	бұ-ның (мұ-ның)	со-ның

Б.с	ма-ған	са-ған	о-ған	бұ-ған	со-ған
T.c	ме-ні	се-ні	о-ны	бұ-ны (мұ-ны)	со-ны
Ж.с	мен-де	сен-де	он- да	бұн-да (мұн-да)	сон-да
Ш. с	ме-нен	се-нен	о-дан	бұ-дан (мұ-дан)	со-дан
К.с	мен-і-мен	сен-і-мен	он-ы-мен	бұн-ы-мен (мұн-ы-мен)	со-ны-мен

Буын

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады:
от, а-та, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік

Тасымал

Жазу жолына сыймаған сөз буынға бөлініп тасымалданады.
Сөздің тасымалданбаған бөлігінен соң сызықша (дефис)

Мысалы, дәп-тер, кө-гершін, көгер-шін.

- Дауысты дыбыстар буын құрайды.
- Тасымалдауға болмайтын сөздер:

1) Бір буынды сөздер: от, өрт, қант.

2) Бір дыбысты буыны бар екі буынды сөздер.

Мысалы, о-рақ, ө-зен, а-ю, ұ-я, қи-я.

- **Й, ң, у** екі дауыстының ортасында келсе, екінші буынның басында айтылады. Мысалы, қа-йық, жа-ңа, та-уық.

Мәтін

Мәтін дегеніміз -жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу. Мәтін мағына жағынан өзара байланысты екі не оданда көп сөйлемнен

Мәтін атауы **тақырып** деп аталады. Тақырып мәтінде не туралы айтылғанын көрсетеді.

Мәтін бірнеше бөлімнен құралады. Әрбір бөлім **абзац** деп аталады.

Оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін **әңгімелеу мәтіні** деп аталады. Ол сөйлемдер іс-қимылды білдіреді. Сұрағы Не істеді?

Зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайтын мәтін **сипаттау мәтіні** деп аталады. Ол сөйлемдер заттың сынын білдіреді. Сұрағы: Қандай?

Оқиға, құбылыстардың себебін дәлелдейтін мәтін **пайымдау мәтіні** деп аталады. Сөйлемдер себебін ашып көрсетеді. Сұрағы: Неліктен?

Мәтінді қалай дұрыс көшіріп жазу керек?

1. Сөйлемді оқы, мағынасын түсініп ал.
2. Жазбас бұрын әр сөзді жазылуы бойынша айт.
3. Жазу барысында сөзді іштей буынға бөл.
4. Жазған әрбір сөзді үлгімен салыстыр.
5. Мәтіндегі сөйлемдерді осылай жаз.

Есімдік

Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылатын сөздерді **есімдік** дейміз.

Есімдіктер мен, сен, біз, сіз, ол, бұл, сол, кім, қанша, қайда, ешкім, әркім, әрқашан, әрқайсысы.

Жіктеу есімдіктері

Мен, сен, біз, сіз, ол сөздері **жіктеу есімдіктері** дейміз. Есімдік есім сөздердің:зат есім, сын есім, сан есімнің, орнына қолданылып, соларды **нұсқап, меңзеп, сілтеп** көрсетеді. Есімдіктер **орынбасар сөздер** деп те аталады. Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді:

- 1) **жіктеу есімдігі;**
- 2) **сілтеу есімдігі;**
- 3) **сұрау есімдігі;**

1. **Жіктеу есімдігі** заттық ұғыммен байланысты қолданылады. Олар: **мен, сен, сіз, біз, (біздер), сендер, сіздер, олар.** Жіктеу есімдіктері үш жақта, жекеше

және көпше түрде қолданылады.

2. **Сілтеу есімдігі нұсқау, мегзеу, көрсету** мағыналарын білдіретін **бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, әне, міне, мынау**, деген сөздер.

3. **Сұрау есімдігіне** жауап алу мақсатымен қойылған **сұрау мәнді сөздер** жатады. Олар **кім? не? қандай? қай? қанша? неше? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы?** т.б.

Сан есім **құрамына** қарай **екіге** бөлінеді:

1) **дара сан есім**

2) **күрделі сан есім**

1. **Дара сан есім** - бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер. Мысалы: *үш, оныншы, елудей, ондаған, жүз, алтау, оннан, миллионыншы, алпыстап, жүздеп, т.б.*

2. **Күрделі сан есім:**

а) **екі** немесе оданда **көп** түбірдің **тіркесуінен**: *жиырма бес, қырық шақты, сексен алты, тоғыз бүтін алтыдан үш, үш ширек, жүз мыңдай, т.б.*

ә) сөздердің **қосарлануы** мен **қайталануынан**: *екі-екіден, жеті-сегіз, бес-алты, тоғыз-тоғыздан, жиырма-отыздай, бір-бірден* жасалады.

б) сөздердің **дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуінен** жасалған күрделі сан есімдер: *сексен - сегіз он, тоқсан - тоғыз он.*

Сан есімдер **мағынасына** қарай 2 түрге бөлінеді:

1. **Есептік сан есім** заттың нақты **санын, есебін** білдіреді. Сұрағы: **қанша, неше?** Есептік сан есім дара:

төрт, жетпіс, мың, сегіз, бес, тоғыз; күрделі: *алпыс үш, жетпіс тоғыз, он бес, отыз жеті, қырық тоғыз* болып келеді. Есептік сан есім сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

2. **Реттік сан есім** заттың саналу **ретін** білдіріп, **нешінші?** деген сұраққа жауап береді.

Есептік сан есімге төмендегі жұрнақтар жалғану арқылы **реттік** сан есім жасалады:

-ыншы-қырық тоғызыншы, алпысыншы, оныншы, т.б.

-інші - отыз бесінші, үшінші, елуінші, жүзінші, т.б.

-ншы - алпыс алтыншы, алтыншы, т.б.

-нші - қырық екінші, жетінші, т.б.

Есте сақтап жазуға дайындық.

1. Мәтінді оқы. Не туралы оқығаныңды көзіңе елестет.
2. Мәтіннен жазылуы қиын сөздері тап. Бұл сөздердің жазылуын есте сақта.
3. Мәтінді жаттап ал.
4. Жаттаған мәтінді іштей қайтала. Сөздерді және тыныс белгілерін ойша «оқы».
5. Жазу барысында сөздердің мағынасын ғана емес, олардың жазылуын да есте сақтауға тырыс.

Мазмұндама

Мазмұндама дегеніміз белгілі бір мәтіннің мазмұнын жазбаша түрде баяндап беру. Әңгіменің әр бөліміне қойылған ат мәтіннің жоспары болып табылады.


Сөз және оның құрамы

Сөз - заттың, сапаның, қимылдың атауы.

Түбір сөз және туынды сөз

Түбір сөзге жұрнақ қосылуы арқылы жасалған сөзді **туынды сөз** дейміз.

Мысалы: ерлік, татулық, жұмысшы.



Сөздің
бөлінбейтін
мағыналы бөлігін
түбір (түбір сөз)

Сөздің түбірге
жалғанған бөлігін
қосымша дейміз.

Түбір сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшаларда жуан болады. *Мысалы: жұмыс-шы-да*

Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшаларда жіңішке болады: *сурет-ші-лер*

Қосымша жалғанғанда кейбір түбір сөздердің жазылуы өзгереді. *Мысалы, кітап-кітабы, құйрық-құйрығы, әріп-әрпі.*

Қарсы мәндес сын есім

Мағыналары бір-біріне қарсы сын есімдерді **қарсы мәндес сын есім** дейміз

Мысалы, қалың-жұқа, ыстық-суық, жұмсақ-қатты.


Сан есім

Сан есім-заттың санын, саналу ретін, мөлшерін білдіретін сөз табының бірі.

Сұрақтары: **қанша? неше? нешеу? нешінші?**

Есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақтар	Мысалдар
-лы, -лі, -ды, -ты, -ті, -сыз -сіз, -ғы -гі, -қы, -кі -лық, -лік, дық, -дік, -тық, -тік -шыл, -шіл -шаң, -шең дай, -дей, -тай, -тей -кер, -гер -қой, -қор -паз, імпаз -и, -ы, -і	Таулы, өнерлі, орманды, көрікті Ормансыз, еңбексіз, ағашсыз Қысқы, төменгі, ішкі, жазғы Балалық, адамдық, жігіттік, жолдастық Ойшыл, еңбекшіл. Ашушаң, көйлекшең, сөзшең Үкідей, жолбарыстай, баладай.
Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар	Мысалдар
-ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек -ық, -ік, -қ, -к -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш -ғыр, -гір, -қыр, -кір -шақ, -шек	Жабысқақ, тайғақ, бөлек, Тұнық, бітік, сирек, ақсақ Жүзгіш, айтқыш, жазғыш. Алғыр, білгір, өткір, тапқыр.

Жамбыл жүз жас жасаған. (Неше жас? Жүз жас).
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді. (Нешеу? - төртеу, алтау).




Туынды сан есімнің жасалуы

Түбірлес сөздер

Бір түбірден жасалған сөздер **түбірлес сөздер** деп аталады

Түбір сөздің белгісі -




Сөз
мағынасын
өзгертетін
қосымшаны


Жұрнақтың белгісі -

Қосымша белгісі -

Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді.
Жұрнақ бұрын, жалғау жұрнақтан соң жалғанады.
Мысалы, жұмыс-шы-лар, теңіз-ші-лер, еңбек-қор-ға



Сөз және оның құрамы



Мәндес сөздер

Бір-біріне мәндес, мағыналас сөздерді **мәндес сөздер** дейміз. Олар бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мысалы, *абайлау, байқау; тұнық, мөлдір, таза; батыр, ержүрек; Өзеннің суы мөлдір, тұнық екен.*

Қарама-қарсы мағыналы сөздер

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы **сөздерді қарама - қарсы мағыналы сөздер** дейміз. *Жоғары-төмен, ауыр -жеңіл, алыс-жақын, үлкен-кіші.*

Әртүрлі мағыналы сөздер

Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздерді **әртүрлі мағыналы сөздер** дейміз. Ол мағыналарының бір-біріне қатысы жоқ. Ара (жәндік), ара (еңбек құралы)

Сын есім **құрамына қарай:**

- 1) **дара;**
- 2) **күрделі** болып **екіге** бөлінеді.

Дара сын есім бір ғана **негізгі** немесе **туынды** түбірден тұрады. Мысалы: *терең, шыдамды, удай, тәтті, тебеген, білімді, бойшаң, әдеби, т.б.*

Күрделі сын есім: төмендегідей жолмен жасалады.

1) сөздердің қосарлануы: апалы-жезделі, жап-жасыл, аппақ, көкпеңбек, тәп-тәтті, тап-таза, жұп-жуас, т.б.

2) сөздердің тіркесуі: қоңыр ала, бидай өңді, торы төбел, тым ұзақ, ақ қара көк, қою қалың қара сақалды, ақ шулан, ақ шабдар, т.б.

Сын есім **жасалуына** қарай екіге бөлінеді:

- 1) негізгі сын есім
- 2) туынды сын есім

Негізгі сын есім ешбір **қосымшасыз негізгі түбір күйінде** тұрады. Мысалы: *көк, сыпайы, кермек, жабайы, таза, шабан, асау, жеңіл т.б.*

Туынды сын есім **екі** түрлі жолмен жасалады:

- 1) **есім сөздерге** жұрнақ жалғану арқылы;
- 2) **етістікке** жұрнақ жалғану арқылы;


Сын есім

Сын есім заттың сынын, түр-түсін, көлемін білдіретін сөздер.


Сын есімнің негізгі белгілері

Белгілері	Мысалдар	Сұрағы
-----------	----------	--------

Түрі	дөңгелек	қандай?
Түсі	(шар)	қандай?
Дәмі	көгілдір (тау)	қандай?
Салмағы	қышқыл (алма)	қандай?
Сапалы	ауыр (жүк)	қандай?
Көлемі	жұмсақ (нан)	қандай?
Күйі	үйдей (тас)	қандай?
Затқа қатысы	құрғақ (ауа) шеткі (үй)	қай?



СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫНА ҚАРАЙ



Біріккен сөздер

Кейбір сөздер түбірден құралады. Екі түбірден жасалған сөз **біріккен сөз** деп аталады.

Біріккен сөзді құрайтын түбірлер бірігіп жазылады.
Мысалы: итмұрын, ақбөкен, тасбақа.

Адам аттарында алдыңғы түбірдің соңы **дауысты, ұяң, үнді** дыбыстарға аяқталса, кейінгі түбірдің басындағы **к,қ** дыбыстары ұяңдап **г,ғ** болып жазылады. *Мысалы, Амангелді, Ботагөз.*

Адам аттарында алдыңғы түбірдің соңы **қатаң дауыссыз** дыбыстарға аяқталса, кейінгі түбірдің басындағы **к,қ** дыбыстары өзгеріссіз жазылады. *Мысалы, Ырыскелді, Досқали.*

Күрделі сөздер

Екі немесе одан да көп түбірден жасалған сөзді **күрделі сөз** дейміз.

Мысалы, бозторғай, Сарыарқа, ауыл-аймақ.

Қос сөздер

Кейбір сөздер екі сөздің қосарлану арқылы жасалады. Оларды **қос сөздер** дейміз. Жазуда қос сөздің арасына дефис(-) қойылады.

Мысалы, қора-қора, бүгін-ертең, әке-шеше..

Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөздер **қайталама қос сөздер** деп аталады.

Мысалы, сөйлей-сөйлей, күте-күте.

Кейбір қос сөздер екі сөздің қосарлану арқылы да жасалады. Мұндай сөздерді **қосарлама қос сөздер** деп атайды.

Мысалы, ар-ұят, екеу-үшеу.

Сөздің алдында күшейткіш буын қосу арқылы да қос сөздер жасалады. Мұндай сөздерді **күшейткіш буын арқылы жасалған қос сөздер** деп атайды.

Мысалы, үп-үлкен, жап-жаңа. тіп-тік.

Тілімізде 7 септік жалғау бар.

Олар: атау септік, ілік септік, барыс септік, табыс септік, жатыс септік, шығыс септік, көмектес септік.

Атау-кім? не?

Ілік-кімнің? ненің? -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.

Барыс-кімге? неге? қайда? -ға, -ге, -қа, -ке.

Табыс-кімді? нені? -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті.

Жатыс-кімде? неде? қайда? -да, -де, -та, -те.

Шығыс-кімнен? неден? қайдан? -нан, -нен, -тан, -тен, -дан, -ден.

Көмектес-кімнен? немен? -мен, -бен, -пен.

Көптік жалғау.

Көптік жалғау алты түрлі: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер.

Мысалы: оқушы-лар, үй-лер, қыз-дар, мектеп-тер т.б.

Жіктеу жалғау.

Жекеше:

I жақ мен оқушы-мын

II жақ сен оқушы-сың

сыңдар

II жақ сіз оқушы-сыз

сыздар

III жақ ол оқушы

Көпше:

I жақ біз оқушы-мыз

II жақ сендер оқушы-

II жақ сіздер оқушы-

III жақ олар оқушылар

Тәуелдік жалғау

Жекеше түрі:

I жақ менің кітабым

II жақ сенің кітабың

кітаптарың

II жақ сіздің кітабыңыз

Көпше түрі:

I жақ біздің кітабымыз

II жақ сендердің

II жақ сіздердің

кітаптарыңыз


III жақ оның кітабы

III жақ олардың кітаптары

Кімдер? - балалар, спортшылар, жүлдегерлер, әншілер, немерелер, аналар, орманшылар, ақсақалдар, әжелер, оқушылар, т.б.

Нелер? - журналдар, көгершіндер, орындықтар, бүркіттер, жылқылар, көлдер, таулар, дәптерлер, қаламдар, гүлдер, көліктер, т.б.

Зат есімнің түрлері					
Жалқы	Жалпы	Негізгі	Туынды	жекеше	көпше
Орал, Әсет	Қала, ағаш	Тау, бала	Көлшік, ойыншық	Гүл, өзен	Гүлдер өзенде р





Зат есімнің сөйлемдегі негізгі қызметі - **бастауыш** пен **толықтауыш**, алайда зат есім түрленіп келіп барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады.

Сұраулы сөйлем

Бір нәрсе жайында **сұрап білу мақсатында** айтылған сөйлем **сұраулы сөйлем** деп аталады.

Сұраулы сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылады.

2) сұрау есімдіктерінен және ма, ме, ба, бе, па, пе, ше, (мы, мі, бы, бі, пы, пі, ші) сұраулы демеулік шылауларының қатысуымен жасалады.

3) сұраулы сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады: бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен аяқталады;

4) сұраулы сөйлемнен соң **сұрау белгісі** қойылады.

Лепті сөйлем

Айтушының түрлі **көңіл күйін білдіру мақсатында** айтылған сөйлем **лепті сөйлем** деп аталады.

Лепті сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) айтушының түрлі **көңіл күйін білдіру** мақсатында айтылады: **күйіну, таңдану, өкіну, сақтану, сүйсіну, қорқу, қуану, қапалану, наразылық білдіргенде, т. б.**

2) лепті сөйлем ерекше **эмоциямен, сезіммен** айтылады.

3) **Лепті** сөйлемдерден соң **леп белгісі** қойылады.

Бұйрықты сөйлем

Біреуге **бұйыру** не **талап** ету мақсатында айтылған сөйлем **бұйрықты сөйлем** деп аталады.

Бұйрықты сөйлемге тән негізгі белгілер:

- 1) біреуге **бұйыру, талап** ету мақсатында айтылады;
- 2) бұйрықты сөйлем етістіктің **бұйрық райының 2, 3-жағында** айтылады; 3) бұйрықты не шартты райға **-шы,-ші** жұрнағының жалғануы арқылы жасалады.
- 4) бұйрықты сөйлемнен соң **нүкте** немесе **леп белгісі** қойылады.

Сөйлем мүшелері **құрамына** қарай **дара, күрделі** болып бөлінеді.

Дара сөйлем мүшесі **толық мағыналы бір сөзден** болады. Мысалы: **Аман жиналғандармен қысқа амандасты.** Сөйлемдегі әрбір сөйлем мүшесі - **бір ғана сөзден құралып тұрған дара мүшелер.**

Күрделі сөйлем мүшесі **күрделі сөзден, тұрақты тіркестен** не **сөз тіркесінен, шылаулы сөзден** құралады. Мысалы: *Еңбек Ері Ыбырай Жақаев екі рет Алтын Жұлдыз медалімен марапатталған еді.*

Сөйлем мүшелері **атқаратын қызметіне** қарай **тұрлаулы мүшелер** және **тұрлаусыз мүшелер** болып **екі үлкен топқа** бөлінеді. Бұлардың ішінде **бастауыш** пен **баяндауыш сөйлем құрауға негіз** болады, сондықтан **тұрлаулы мүшелер** деп аталады. Ал **анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар** өздігінен **сөйлем құрай алмайды**, тек берілген ойдың **шеңберін кеңейтеді**,

сондықтан бұлар **тұрлаусыз мүшелер** деп аталады.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелеріне **бастауыш** пен **баяндауыш** жатады. Олар сөйлемнің **басты мүшелері** болып есептеледі. **Кім? Кімдер? Не? Нелер?** деген сұрақтарға жауап береді.

Сөйлемнің бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелері **тұрлаусыз мүшелер** деп аталады. Олар: **Кімнің? Кімге? Ненің? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Қайда? Кімнен? Неден? Қандай?** деген сұрақтарға жауап

Сөз таптары

Сөз табы - лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері ортақ болып келетін сөздер тобы.

№	сөз таптары
1	Зат есім
2	Сын есім
3	Сан есім


4	Есімдік
5	Етістік
6	Үстеу
7	Шылау
8	Одағай

Зат есім

Заттың атын білдіретін сөзді **зат есім** дейді. Зат есімдерге **кім? кімдер? не? нелер?** деген сұрақтар қойылады.

Мысалы: **кім?** - ана, ақын, етікші, жазушы, емші, оқушы, аспаз, ұстаз, ақылгөй, жәрдемші, т.б.

Не? - ауыл, қағаз, жылқы, керік, теледидар, қарындаш, нөсер, нәтиже, кітап, дәптер, т.б.



Негізгі түбірден болған зат есімді негізгі зат есім дейміз.

Мысалы: ыдыс, кілем, көрпе, ағаш, мұз, т. б.

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді туынды зат есім дейміз.

Мысалы:құлыншақ, үйшік, малшы, шеберхана т. б.

Туынды зат есімнің жасалуы

Есім сөздерден	Етістіктен
Аңшы, жұлдызшы, сынықшы	Алым, бөлім
Әңгімеші, егінші, тергеуші	Сүзбе, кеспе
Адамшылық, аңшылық	Бұрғы, сүзге
таршылық, молшылық	Айтыс, күрес
Суретшілік, күйшілік	Тарақ, күрек
Балалық, кішілік	Сүйеніш, қуаныш
достық, әділдік	Боран, түйін
Талапкер, жүлдегер	Көсеу, бұрау
Дәмхана, еңбекқор	Үйінді, шайынды
өнерпаз, әуесқой	Сорғыш, көргіш
арбакеш, Қазақстан	Түйреуіш, сылауыш

Сөз тіркестері

Алдыңғы сөз соңғы сөзге бағына байланысқан екі не одан да көп сөздер тобын **сөз тіркесі**

Сөз тіркестерінің бірінші сыңары **бағыныңқы**, екінші сыңары **басыңқы** сыңар дейді.

Сөйлем

Сөйлем дегеніміз әр алуан сөздердің өзара тіркесіп келіп, тиянақталған ойды білдіруі. Олардың құрамы да әртүрлі болады. Сөйлемді жеке сөз немесе немесе сөз тіркестері құрайды.

Сөйлемнің мынандай белгілері болады:

1. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді;
2. Сөйлем сөздерден құралады;
3. Сөйлемдегі сөздер бөлек жазылады;
4. Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады;
5. Сөйлем соңынан тыныс белгісі нүкте(.) не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.


Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері.

СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ			
ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ	СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ	ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ	БҰЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМ
Тоғай да	"Есіл тасып	Шіркін,	Атаның

бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады.	барады" деген әнді естіп пе едің?	қарақат, тәтті де сұлу жеміс қой!	баласы болма, адамның баласы бол.
---	-----------------------------------	-----------------------------------	-----------------------------------

- 2) хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте **көтеріліп, соңына қарай бәсеңдейді,**
- 3) хабарлы сөйлемнен кейін **нүкте (.)** қойылады:

Қанат мектепке ерте келді





Хабарлы сөйлем

Бір нәрсе жайында хабарлау мақсатымен айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** деп айтамыз.

Хабарлы сөйлемге тән белгілер:

- 1) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады,



Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді зат есімнің жекеше түрі дейміз.

Мысалы: биші,аға, апа,тас,сауысқан, т.б.

Кімдер? Нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді


Мысалы: биші,аға, апа,тас,сауысқан, т.б.

Екі не одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер **құрмалас сөйлем** деп аталады

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің **мағыналық** жағынан өзгешеліктерінің кестесі

ЖАЙ СӨЙЛЕМ	ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ
1. Жай сөйлем жеке бір ойды білдіреді	Құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді
2. Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациясымен айтылады	Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады
3. Жай сөйлем интонациялық жағынан	

тиянақты болады	Құрмалас сөйлемнің сыңары интонациялық жағынан тиянақсыз болады.
4. Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады	Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады



Тұрлаусыз мүшелер бастауыш пен баяндауышты **анықтап, толықтырып, пысықтап** тұрады. Тұрлаусыз мүшелерге **толықтауыш, анықтауыш** және **пысықтауыш** жатады.

✓ **Толықтауыш** – тұрлаусыз мүшелердің бірі. Ол – сөйлемде іс-оқиғаны **заттық мағына** жағынан **толықтыру үшін** жұмсалады.

Сөйлемдегі **амал-әрекетті, іс-оқиғаны** заттық мағына жағынан толықтырып тұратын **тұрлаусыз сөйлем мүшесі толықтауыш** деп аталады.

Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері:

1) атау мен іліктен басқа **барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес** септік жалғауларын **меңгеріп** тұрады;

2) толық мағыналы сөздер **туралы, жөнінде, жайында** деген септеулік шылаулардың бірінің тіркесуінен жасалады;

3) толықтауыш болатын **сөз заттық мағынаға** ие болады:

4) толықтауыш болатын сөз **Кімге? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кіммен? Немен? Кім туралы? Не туралы? Кім жөнінде? Кім жайында?** деген сұрақтарға жауап береді;

✓ **Тұрлаусыз** мүшенің екінші түрі – **анықтауыш**. Сөйлемде **зат есімнен** не **заттық ұғымда** жұмсалатын басқа сөз таптарынан болған мүшелерді **сындық, сапалық, сандық, иелік** жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше

анықтауыш деп аталады.

Анықтауыш **Қандай? Қай? Кімді? Неше? Нешінші?** деген сұрақтарға жауап береді;

✓ **Пысықтауыш** – тұрлаусыз мүшенің бір түрі.

Етістіктен болған баяндауышты **мекен, мезгіл, қимыл-сын, себеп, мақсат** жағынан айқындайтын сөйлемнің **тұрлаусыз мүшесі пысықтауыш** деп аталады. Сұрақтары: **Қашан? Қалай? Қайдан? Қашаннан бері? Қанша? Қайтіп? Қалайша? Неліктен? Неге? Не үшін?**

Пысықтауыштың негізгі белгілері:

1) **іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, мөлшер, себеп, сын-қимыл** жағынан **пысықтап** тұрады;

2) **Қашан? Қалай? Қайда? Қайтіп? Неліктен? Неге? Не үшін?** деген сұрақтарға жауап береді;

Пысықтауыш **мағыналық** жағынан **алты түрге** бөлінеді

1) **мезгіл** пысықтауыш 2) **мекен** пысықтауыш 3) **мақсат** пысықтауыш 4) **амал** пысықтауыш 5) **себеп** пысықтауыш 6) **мөлшер** пысықтауыш.

Бастауыш та, баяндауыш та **зат есімнен жасалса**, бастауыштан кейін **сызықша** қойылады.

Сөйлем мүшелерінің қатысуына қарай **жай сөйлем** бірнеше түрге бөлінеді:

1) **жақты** және **жақсыз** сөйлем;

- 2) **жалаң** және **жайылма** сөйлем;
- 3) **толымды** және **толымсыз** сөйлем.